



2015 ж. қаңтар-қыркүйегі


ҚР Ұлттық Банкі

Қазақстан экономикасына қысқаша шолу

Негізгі түйіндер

2015 ж. қыркүйегінде экономиканың өсу қарқындарының баяулауы жалғасты

2015 ж. қаңтар-қыркүйегінде қысқа мерзімді экономикалық индикатор өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 100,8%-ға дейін баяулады. Өнеркәсіпте, соның ішінде кен өндіруде, және көлік саласында өндіріс көлемдерінің азаюы жалғасты.



*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ІЖӨ-дегі көлемі 67-68%-ды құрайды.

1. Макроэкономикалық индикаторлар

1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

р/с№	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2015ж. қаңтар-қыркүйегі	2015ж. қыркүйегі	% -бен		2015ж. қыркүйегі 2015ж. тамызына
					2014ж. қаңтар-қыркүйегіне	2014ж. қыркүйегіне	
А		Б	1	2	3	4	5
1	ІЖӨ (2015ж. қаңтар-маусым үшін алдын-ала деректер)	млрд. теңге	17 091,3		101,7		
2	Өнеркәсіп	млрд. теңге	10 329,3	1 249,0	99,0	95,8	95,3
3	Ауылшаруашылығы	млрд. теңге	1 866,4	808,0	103,1	103,7	323,2
4	Құрылыс	млрд. теңге	1 854,0	305,0	104,5	106,9	108,3
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд. т.км.	371,7	45,3	92,8	92,7	102,2
6	Байланыс	млрд. теңге	510,3	57,3	101,7	99,8	100,3
7	Сауда	млрд. теңге	4 415,8	538,6	102,4	99,3	95,9
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд. теңге	4 664,0	693,8	103,5	100,4	105,5
9	Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ)	%	-	-	104,8	104,4	101,0
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%	-	4,9	-	-	-

Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

№пп	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2015ж. қаңтар-тамызы	2015ж. тамызы	% -бен		2015ж. тамызы 2015ж. шілдесіне
					2014ж. қаңтар-тамызына	2014ж. тамызына	
А		Б	1	2	3	4	5
1	Сыртқы сауда айналымы	млн. долл.	52 849,8	6 279,9	64,7	64,5	95,5
1.1.	- экспорт	млн. долл.	32 012,9	3 613,4	58,2	59,2	92,7
1.2.	- импорт	млн. долл.	20 836,9	2 666,5	78,2	73,3	99,7
2	Орташа жан басына шаққандағы ном. ақшалай кіріс	мың теңге	515,2	65,5	106,5	104,7	99,2
3	Орташа айлық номиналды жалақы	мың теңге	-	125,0	105,9	102,6	98,6
4	Нақты жалақы индексі	%	-	-	-	98,8	98,3

Ескерту: Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМКС), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемлекеттік Статистика Федералдық қызметінің деректері қолданылған. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай деректерде қарқынды бірқатар өзгерістер болуы ықтимал.

Қабылданған қысқарулар: ІЖӨ-ішкі жалпы өнім, ТМД-Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ-нақты көлем индексі,

ТБИ - тұтыну бағаларының индексі

* - бағалау



1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

2015 жылдың қаңтар-қыркүйегінде тау-кен өндіру мен көлік салаларындағы өндіріс көлемдерінің азаюына байланысты экономиканың өсу қарқындары баяулады.

Оң үдерістер

р/с №	2015ж. қаңтар-қыркүйегі %-бен 2014ж. қаңтар-қыркүйегіне	Факторлар	Анықтама үшін: 2015ж. қаңтар-тамызы %-бен 2014ж. қаңтар-тамызына
1. ІЖӨ (2015ж. қаңтар-маусым үшін алдын-ала деректер)	101,7	тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдері мен көліктегі жүк айналымының азаюы	
8-2. Өңдеу саласы	100,7	металлургия өнеркәсібінде өндіріс көлемдерінің ұлғаюы	100,5
2. Ауылшаруашылығы	103,1	мал және өсімдік шаруашылығындағы өнім шығарудың ұлғаюы	102,9
3. Құрылыс	104,5	құрылыс-монтаждау жұмыстары көлемдерінің ұлғаюы	104,8
4. Байланыс	101,7	Интернет желісі мен басқа телекоммуникациялық қызметтерінің ұлғаюы	102,8
5. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	102,4	базарлар мен жеке кәсіпкерлер саудасының өсуінің жалғасуы	102,9
6. Негізгі капиталға инвестициялар	103,5	меншік қаражаты есебінен негізгі капиталға қаржыландырудың ұлғаюы	104,0
7. Инфляция	104,8	азық-түлік бағалары деңгейінің төмендеуі	105,0

2015 ж. қаңтар-қыркүйегінде өнеркәсіп саласында тау-кен өндіру есебінен төмендеу байқалды. Импорт пен экспорттың қысқаруы сыртқы сауда айналымының төмендеу қарқындарының ұлғаюына себепші болды.

Теріс өзгерістер

№пп	2015ж. қаңтар-қыркүйегі %-бен 2014ж. қаңтар-қыркүйегіне	Факторлар	Анықтама үшін: 2015ж. қаңтар-тамызы %-бен 2014ж. қаңтар-тамызына
8. Өнеркәсіп	99,0	тау-кен саласындағы өндіріс көлемдерінің төмендеуі	100,2
8-1. Тау-кен өндіру саласы	98,2	шикі мұнай мен металл рудаларын өндірудің төмендеуі	99,1
9. Көлік (жүк айналымы)	92,8	теміржол көлігіндегі жүк айналымының азаюы	93,6
10. Сыртқы сауда айналымы*	64,7	экспорт пен импорттың төмендеуі	63,9
10-1. Сыртқы сауда айналымы: экспорт*	58,2	минералды өнімдер, соның ішінде отын-энергетикалық тауарлар бойынша экспорттық түсімдердің қысқаруы	56,6
10-2. Сыртқы сауда айналымы: импорт*	78,2	жабдықтар мен машиналар импортының қысқаруы	80,2

*Сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері: экспорт пен импорт көлемдері бір айға кешіктіріліп қалыптастырылады. Осы себеппен, 2015ж. қаңтар-тамызы 2014ж. қаңтар-тамызына %-дық есепте мәліметтер кестенің сол жақ бағанасында, ал 2015ж. қаңтар-шілдесі 2014ж. қаңтар-шілдесіне %-дық есепте оң жақ бағанасында келтірілген.




Жалпы ішкі өнім

1.3. ЖІӨ өндіріс әдісімен

2015ж. қаңтар-маусымында ІЖӨ 1,7%-ға өсті

ҰЭМСК-нің алдын-ала деректері бойынша, ЖІӨ 2015ж. қаңтар-маусымында нақты көрсеткіште 1,7%-ға ұлғайып, 17,09 трлн. болды.

Тауарлар өндірісі 1,3%-ға, ал қызмет көрсету 3,3%-ға өсті. 2014 жылғы осы көрсеткіштермен салыстырғанда, қызметтерді өндіруінің өсуі 2,1%-ға дейін баяулады, бұл ретте ЖІӨ құрамындағы қызметтердің үлесі 57,7%-ға дейін өсті.



Қызмет көрсету секторы, мұнда іс жүзінде барлық негізгі құрамдас бөліктер өсуді көрсетті, 2015ж. қаңтар-маусымында экономиканың драйвері рөлін атқарды

1.4. Түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ

2015 жылдың 1-жарты жылдығында түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ 1,4%-ға ұлғайды

ҰЭМСК деректері бойынша, 2015ж. 1 жарты жылдығында ЖІӨ нақты көрсеткіш бойынша 1,4%-ға ұлғайып, 15,81 трлн.теңге болды. Түпкілікті тұтыну шығыстары 1,5%-ға өсті, негізгі капиталдың жалпы жинақтауы 2014 жылдың тиісті кезеңіне шаққанда 3,8%-ға өсті.

Өсуге мем. басқару органдарының (1,9%-ға), үй шаруашылықтарының (1,4%-ға), ҰШҚҚҰ* (3,5%-ға) түпкілікті тұтыну шығыстарының, сондай-ақ негізгі капиталды жинақтау шығыстарының ұлғаюы (2,8%-ға өсу) себепші болды.

Таза экспорттың үлесі 13,7%-ға төмендеді. 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда тауарлар мен қызметтердің экспорты 5,4%-ға, импорты 8,1%-ға төмендеді.




*- ҰШҚҚҰ - үй шаруашылықтарына қызмет көрсетуші коммерциялық емес ұйымдар

1.5. ТМД елдеріндегі ЖІӨ

2015 жылдың бірінші жарты жылдығының қорытындылары бойынша - Өзбекстан ЖІӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы

ҰЭМСК және ТМД Статистикалық Комитетінің деректері бойынша 2015ж. бірінші жарты жылдығында ТМД елдерінің арасында ЖІӨ-нің 2014 жылдың тиісті кезеңіне қатысты ең көп өсу Өзбекстанда байқалды (8,1%-ға өсу). Украинада 2015 жылғы жарты жылдығының қорытындылары бойынша ЖІӨ-нің 14,6%-ға төмендеуі байқалды.





1.6. Негізгі ықпал ету факторлары


Мұнайдың бағасы

Мұнай бағасының өзгеруі өнеркәсіптегі баға деңгейіне және тиісінше өндірістің құндық көлеміне айтарлықтай ықпал етеді. Бір жылдың ішінде әлемдік тауар биржаларында Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы 51,5%-ға төмендеп, 2015ж. қыркүйегінде 47,2\$-ды құрады. 2015 жылдың қаңтар-қыркүйегінде тау-кен өндіру саласында өндіріс көлемдері өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда нақты көрсеткіште 1,8%-ға төмендеп, ал ақшалай көрсеткіште 30,2%-ға төмендеді.

Мұнайдың бағасы және өндіріс көлемі

Өнеркәсіп өндірісінің негізгі үлесін өңделмеген мұнай өндірісі алып отыр, 2015ж. қыркүйегінде оның үлесі сәйкесінше 37,5%-ға тең болды.

2015ж. қаңтар-қыркүйегінде өңделмеген мұнайды өндіру (натуралды көрсеткіште) 2014ж. қаңтар-қыркүйегіне қарағанда 0,8%-ға төмендеді. 2015ж. қыркүйегінде өңделмеген мұнайды өндіру (натуралды көрсеткіште) 2014ж. қыркүйегіне қарағанда 4,4%-ға төмендеді. Тау-кен өндіру саласының НКІ-і 2014 жылдың қыркүйегімен салыстырғанда 9,0%-ға, ал 2015 жылдың тамызымен салыстырғанда - 14,1%-ға төмендеді**.



*- <http://econ.worldbank.org>

**<http://stat.gov.kz>: 2015 жылғы қаңтар-қыркүйегіндегі өнеркәсіп жұмысының көрсеткіштері

Сыртқы сұраныс


Қазақстанның экспорттың басым бөлігі Еуроодақ елдеріне (2015 жылдың қаңтар-тамызындағы ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 54,1%-ға тең болды), Қытайға (11,9%) және Ресейге (9,6%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2015 жылдың 2-тоқсанында өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда ЕО ІЖӨ-інің өсуі (28) 1,9%-ға тең болды, Ресейде бұл көрсеткіш 2015ж. жарты жылдығында 4,6%-ға төмендеді. Қытайда 2015ж. 3 тоқсанның қорытындылары бойынша ІЖӨ-нің өсуі 6,9%-ға тең

Сыртқы сауда айналымы**2015ж. қаңтар-тамызы**

2015ж. қаңтар-тамызында сыртқы сауда айналымы 35,3%-ға төмендеді (экспорт 41,8%-ға, импорт - 21,8%-ға төмендеді). 2015ж. тамызында (2014 ж. тамызымен салыстырғанда) сыртқы сауда айналымы 35,5%-ға төмендеді (экспорт 40,8%-ға, импорт 26,7%-ға қысқарды).

Экспорттың құрылымында минералды өнімдер (2015ж. қаңтар-тамызында-74,2%), импортта - машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, құралдар және аппараттар (40,8%) басымдыққа ие.

2015 жылдың қаңтар-тамызында экспорт Е-ЭО елдерімен 2014 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 26,9%-ға қысқарды, импорт - 21,2%-ға төмендеді.

**Экономикадағы ақша ұсынысы**

Қазақстанның несиелі нарығына ықпал ететін сыртқы факторлардың қарама-қарсы бағытын ескерткен жөн. Әлемдік экономикада теріс үрдістер байқалуда: Қытай экономикасының баулауы мен шикізат тауарларындағы дағдарыс дамудың елдерден капиталдың кетуіне әкеліп соғады. Алайда, Қазақстан Үкіметінің қабылданған шаралары экономиканы қолдауға бағытталған: Ұлттық қор активтерінен экономиканы қолдау үшін қаражат бөлінді; банктер арқылы шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендіруге 100 млрд. теңге мөлшерінде, бұдан басқа 250 млрд. теңге банктердің жұмыс істемейтін несиелерімен жұмыс істеу үшін "Проблемалық кредиттер қоры" АҚ-тың жарғылық капиталын толықтыруға жіберілді. Осы шаралар бойынша қаражаттың игерілуі екінші деңгейлі банктер арқылы жүзеге асатынын білдіреді.

Несиелер бойынша берешек*


2015ж. қыркүйегінде несиелендірудің көлемі 4,0%-ға артып, 11,83 трлн. теңгені құрады.

Несиелендірудің жалпы көлемінің жылдық төмендеуі жалғасты. 2015ж. қыркүйектің аяғында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда несиелендірудің көлемі 3,2%-ға төмендеген. Қазкоммерцбанк АҚ-ы мамыр айында банкілік операцияларды жүзеге асыруға лицензиясы қайтарылған "БТА Банк" АҚ-ына несиелердің басым бөлігін тапсырғанын айтып кеткен жөн. Жыл басынан бері, 2015 ж. қыркүйектің аяғына қатысты, құрылыс және сауданы несиелендіру тиісінше 18,9% және 0,4%-ға төмендеді. 2015 ж. қыркүйегінде жаңа несиелерді берудің көлемі 2014 ж. қыркүйегімен салыстырғанда 13,6%-ға төмендеді.

*- кезең соңындағы деректер бойынша

** - өндірістік емес сала,

жеке қызмет






2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКИ

Тауарлар өндірісі

2.1. ӨНЕРКӘСІП

Өнеркәсіп өндірісінің төмендеуі

2015 жылдың қаңтар-қыркүйегінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2014 жылдың тиісті кезеңіне 1,0%-ға азайды (2015 жылдың қаңтар-тамызында 0,6%-ға азаю, 2014ж. қаңтар-қыркүйегінде - 0,2%-ға төмендеу). Бұған тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдерінің азаюы себепші болды.




Тау-кен өндіру - өндіріс көлемдерінің төмендеуі

2015 жылдың қаңтар-қыркүйегінде тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемі 2014 жылғы тиісті кезеңіне 1,8%-ға төмендеді (2015ж. қаңтар-тамызында - 0,9%-ға төмендеу, 2014ж. қаңтар-қыркүйегінде - 0,2%-ға төмендеу). Өңделмеген мұнай өндіру 0,8%-ға төмендеді (2015 жылдың қаңтар-тамызында - 0,4%-ға төмендеу), табиғи газды өндіру 9,5%-ға, түсті металлдар рудаларын өндіру 3,3%-ға өсіп, ал металл рудаларын өндіру 2,4%-ға төмендеді.




Өңдеу - өндіріс көлемдерінің өсу қарқындарының ұлғаюы

2015ж. қаңтар-қыркүйегінде сала бойынша ұлғаю 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 0,7%-ды құрды (2015 ж. қаңтар-тамыз үшін - 0,5%-ға ұлғаю). Асыл және түсті металдар өндірісінің өсуі 25,8%-ды құрады, металлургия өнеркәсібіндегі өндіріс көлемдері 15,1%-ға ұлғайды (2015 жылдың қаңтар-қыркүйегінде өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 35,8%-ды құрады).

2.2. Құрылыс


Өсу қарқындарының жылдамдатуы

2015 жылдың қаңтар-қыркүйегінде жүргізілген құрылыс жұмыстарының көлемі 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,5%-ға өсті. 2015 ж. қаңтар-қыркүйегінде өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарының көлемі тиісінше 21,6% бен 9,3%-ға төмендеді. Құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 8,4%-ға ұлғайып, құрылыс жұмыстары құрамындағы үлесі 87,8%-ға тең болды.




**2.3. Ауылшаруашылығы****Мал және өсімдік шаруашылығындағы өнім көлемдерінің өсуінің жалғасуы**


Ауылшаруашылығы секторы 2015 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 2014 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 3,1%-ға өсті (2015 жылдың қаңтар-тамызында - 2,7%-ға өсу, 2014 жылдың қаңтар-қыркүйегінде - 1,5%-ға өсу). Өсуге 2014 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығындағы өнім көлемдерінің 3,1%-ға ұлғаюы себепші болды.

**Қызмет көрсету саласы****2.4. Сауда****Бөлшек тауар айналымдағы өсу қарқындарының баяулауы**


2015ж. қаңтар-қыркүйегінде бөлшек тауар айналымы 2014ж. қаңтар-қыркүйегімен салыстырғанда 2,4%-ға ұлғайды (2015ж. қаңтар-тамызы - 2,8%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-қыркүйегі - 12,2%-ға өсу). Негізгі итермелеуші фактор - жеке кәсіпкерлердің сауда көлемінің 6,3%-ға өсуі, бөлшек тауар айналымдағы бұлардың үлесі - 47,4%.

**2.5. Көлік****Жүк айналым көлемінің азаюы**

2015ж. қаңтар-қыркүйегінде көлік секторындағы жүк айналым көлемі 2014ж. қаңтар-қыркүйегімен салыстырғанда 7,2% азаюды көрсетті, бұл теміржол көлігіндегі жүк ағынының 16,7%-ға азаю себепінен болды (оның жүк айналымының жалпы көлеміндегі үлесі - 45,1%).

**2.6. Байланыс****Өсудің баяулауы**

2015ж. қаңтар-қыркүйегінде байланыс қызметіндегі көлемінің ұлғаюы 2014ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 1,7%-ды құрады (2015ж. қаңтар-тамызында - 1,9%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-қыркүйегінде - 9,0%-ға өсу). Өсудің негізгі факторлары - байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 28,3% болатын интернет желісінің қызметтерінен түскен кірістердің 18,9%-ға және байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 15,0% болатын өзге телекоммуникациялық қызметтер көлемінің 35,9%-ға өсуі.






3. Инфляция

3.1. Тұтыну бағаларының индексі

Инфляциядағы өсу қарқындарының баяулауы

2015 жылдың қаңтар-қыркүйегінде инфляцияның деңгейі 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,8%-ға тең болды, бұған барлық тауарлар топтарының бағаларының өсуі себепші болды. 2015ж. қыркүйегінде инфляция өсуінің қарқыны жылдық есеппен алғанда 4,4%-ға дейін артты (2014ж. қыркүйегінде - 7,4%), айлық өсу 1,0%-ды құрады. 2015ж. қыркүйегінде азық-түлік тауарларының бағалары өткен айға қарағанда 0,6%-ға өсті.




4. Инвестициялар

4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

Инвестициялардың негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты

2015ж. қаңтар-қыркүйегінде инвестициялардың өсуі 2014ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,5%-ды құрады (2015ж. қаңтар-тамызында - 4,1%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-қыркүйегінде - 5,5%-ға өсу). Инвестициялардың негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты, бұлардың үлесі 58,5%-ды құрады.




6. Еңбек нарығы

6.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

Жұмыссыздық деңгейі өзгермеді

Соңғы 5 жылда жұмыссыздық деңгейі рекордтық төменгі көрсеткішке дейін төмендеді және соңғы айларда 4,9-5,1% шегінде қалып отыр. 2015ж. қыркүйегінде жұмыспен қамтылғандар саны 0,9%-ға азайып, ал жұмыссыздар саны 3,1%-ға төмендеп, нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі 4,9% деңгейінде қалды.



6.2. Халықтың кірістері

Нақты жалақы индексінің төмендеуі

2015 жылдың қыркүйегінде орташа айлық номиналды жалақының өсуі 2014ж. қыркүйегімен салыстырғанда 2,6%-ды құрады. Осы кезеңде нақты жалақы индексі 1,7%-ға төмендеуді көрсетті. 2015ж. тамызында бір айға кешігумен қалыптыстырылатын нақты ақшалай кіріс көрсеткіші 0,8%-ға өсті.

